

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**Педагогикалық сериясы**  
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**Педагогическая серия**  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-2661

---

**№ 4 (2020)**

**Павлодар**

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ**  
**Торайгыров университета**

**Педагогическая серия**  
выходит 4 раза в год

---

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

о постановке на переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ03VPYU00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций  
Республики Казахстан

**Тематическая направленность**

публикация материалов в области педагогики,  
психологии и методики преподавания

**Подписной индекс – 76137**

---

**Бас редакторы – главный редактор**

Бегентаев М. М.

*д.э.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Ответственный секретарь

Пфейфер Н. Э., *д.п.н., профессор*

Нургалиева М. Е., *PhD доктор*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Абибуллаева А.,

*д.п.н., профессор*

Бурдина Е. И.,

*д.п.н., профессор*

Жумагаева Е.,

*д.п.н., профессор*

Фоминых Н. Ю.,

*д.п.н., профессор (Россия)*

Снопкова Е. И.,

*к.п.н., профессор (Белоруссия)*

Мирза Н. В.,

*д.п.н., профессор*

Донцов А. С.,

*доктор PhD*

Шокубаева З. Ж.,

*технический редактор*

---

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/AWGA4459>

**Е. С. Аяған, И. С. Өтебаев, Б. Е. Сабырбай,  
Қ. Т. Аналбекова**

Академик Е. А Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,  
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.

## **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНЕ ЖАҢА ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ ӘСЕРІ**

*Бұл мақалада бастауыш сыныптарда мектептегі баланың оқуға қызығушылығы мәселесі көптеген мамандардың көңілін аудартады, себебі, бастауыш білім – орта білімнің негізі. Сонымен бірге, бастауыш сынып, жеке тұлғаның қалыптасуында ерекше маңыз кеңінен қарастырылған.*

*Оқу әрекеті кезінде бастауыш мектеп оқушысы білім, іскерлік, дағдыны игеріп қана қоймай, сонымен қатар өз алдына оқу міндетін, мақсатын қоюға үйреніп, білімді қолдану және меңгеру тәсілдерін тауып, өз әрекетін бағалап, бақылайтыны анықталды.*

*Бастауыш мектеп жасындағылардың танымдық өрісінің дамуы. Бастауыш мектеп жасында баланың психикалық даму орталығы ерікті қалыптастыруға ауысады: ерікті есте сақтауы, зейіні, ойлауы дамиды, әрекетті ұйымдастыруы да ерікті болады. Бастауыш мектеп жасындағы жылдар бойы бала өз тәртібін, психикалық процестердің өтуін басқара алуға үйрену мәселелері талдау жасалынған. Тұлғаға бағдарлану технологиясы әр түрді деңгейлі оқыту мазмұнын оқушылардың жеке дара ерекшеліктеріне қарай бейімдеуді, оқушының даралық ерекшеліктеріне бағдарлануды көздейді. Оқушының белсенділігін қамтамасыз етеді.*

*Сабақ барысында мұғалімдер балаларды сұрақтар қояға, болжам құру, болжамды негіздеу және дәлеледеуге, керекті ақпаратты іздеуге үйретеді. Сөйтіп оқушыларды енжар тыңдаушылардан белсенді оқу мәселесін зерттеушілерге айналдырады. Оқу әрекеті шығармашылық болған кезде материалды игеру сапасы да көтеріледі. Бастысы, балалар оқу ережелерді жаттау емес, ең алдымен қоршаған дүниені және өзін өзі танудағы қызықты әрі*

*шексіз үрдіс екенін түсінеді. Сауат ашу сабақтарында мұғалімдер өнімді оқу технологиясын қолданады, сойтіп дұрыс оқу дағдысын қалыптастырады. Бұл технология коммуникативтік оқу дағдыларын, оқығанды талдау, өз ойын тұжырымдай білу, авторды түсіне білу, ақпараттан керектісін бөліп алу іскерлігін қалыптастыру нәтижесі сөз болады.*

*Кілтті сөздер: Педагогика, бастауыш, сынып, білім беру, психология, оқушылар, ерекшелік, оқыту, технология, жеке тұлға, қалыптасу, мотивтер, перспективті, түйсік, қабылдау, дағды, коммуникативтік дағды, шығармашылық.*

### **Кіріспе**

Бастауыш сыныптарда мектептегі баланың оқуға қызығушылығы мәселесі көптеген мамандардың көңілін аудартады, себебі, бастауыш білім – орта білімнің негізі. Сонымен бірге, бастауыш сынып, жеке тұлғаның қалыптасуында ерекше маңызға ие.

Регуш, балалардың танымдық белсенділігіне оның қызығушылығы, мотивациясы, қасиеті мен қабілеті әсер етеді десе, Н. П. Локалова, П. П. Борисов әлеуметтік, психологиялық, педагогикалық және физиологиялық факторларды басты себеп ретінде көрсетеді, ал А. М. Гельмонт, Н. И. Мурачковский, Г. И. Вергелес, Л. А. Матвеева танымдық қызығушылықты жеке бас қасиеттерімен, оқуды дұрыс ұйымдастырумен байланыстырады, Сомароф балалардың мектептегі жетістіктеріне ата-аналардың әсерінің бар екеніне мән берген, А. Л. Венгер, И. А. Акопянц, В. К. Воеводкина, Г. А. Цукерман сияқты ғалымдар танымдық процестерге көп мән берген.

### **Материалдар мен әдістер**

Оқу әрекеті – бастауыш мектеп оқушысының жетекші әрекеті. Балалар психологиясында жетекші әрекет ретінде тұлғаның негізгі психикалық процестері мен қасиеттерін қалыптастыруда жүретін әрекет ретінде түсіндіріледі және жаста басты жаңарыстар байқалады (еркі, рефлексия, өзіндік бақылау, талдау, әрекеттің ішкі жоспары). Оқу әрекеті баланың мектептегі оқуымен жүзеге асады. Д. Б. Эльконин, айтқандай, ол өзінің жетекші қызметін қалыптасқан соң, толық жүзеге асырады. Бастауыш мектеп жасы – оқу әрекетін қарқынды қалыптастыру кезеңі [1, 153].

Оқу әрекетінің мәні ғылыми білімдерді игеруден тұрады. Бала мұғалімнің жетекшілігімен ғылыми түсініктерге сүйеніп іс жүргізе бастайды.

Д. Б. Эльконин, ғылыми түсініктерді игеруде, оқу әрекетінің нәтижесі оқушының өзін және оның дамуының өзгерісі болып табылады, – деп есейтейді. Бұл өзгерістер төмендегілерді құрайды: оқудың білім, іскерлік,

дағды деңгейінде өзгеруі; оқу әрекетінің жеке жақтарының қалыптасқандығы деңгейінде өзгеруі; тұлғаның ақыл-ой операцияларындағы, ерекшеліктеріндегі, яғни жалпы және ақыл-ой дамуы деңгейіндегі өзгерістері [2].

Оқу әрекеті – бұл жеке белсенділіктің спецификалық формасы. Ол өз құрылымы бойынша қиын және арнайы қалыптастыруды қажет етеді. Өз жұмысын орындайтын үлкен адам сияқты оқушы мыналарды білу керек: не істеу керек, не үшін істеу керек, қалай істеу керек, өз қатесін көріп, өзін бақылай және бағалай білу керек. Мектепке келетін бала мұның бәрін өз бетімен істей алмайды, яғни ол оқу әрекетін игермеген. Оқу әрекеті кезінде бастауыш мектеп оқушысы білім, іскерлік, дағдыны игеріп қана қоймай, сонымен қатар өз алдына оқу міндетін, мақсатын қоюға үйреніп, білімді қолдану және меңгеру тәсілдерін тауып, өз әрекетін бағалап, бақылайды.

Оқу әрекетінің құрылымы. Д. Б. Эльконин және В. В. Давыдов «оқу» әрекетін, оның бірнеше компоненттерінің бірлігі ретінде қарастыруға болады деген: оқу міндеттері, оқу әрекеті, өзін-өзі бақылау әрекеті өзін-өзі бағалау [3, 192].

Оқу міндетін нақты-практикалықтан ажырата білу керек (мысалы, сұрақты қоюда айырмашылық бар – оқушылардың алдына тақпақты жаттау міндеті қойылады немесе ол оны мнемикалық әдістердің көмегімен жаттайды).

Жеке міндеттерді біле отырып, оқушылар оларды шешудің жеке тәсілдерін игереді. Оқу міндеттерін оқушылар арнайы әрекеттерді орындау жолымен шешеді.

Бұл оқу әрекеттерін атап өтейік: практикалық – әріптер жазу үшін қағазды қию; ақыл-ой – арифметикалық есептерді ойында шешу, жалпылау; перцептивті объектіні зерттеу, қабылдау әрекеті (жаңа геометриялық фигурамен, суреттермен танысу); ауызша әрекет – мұғалімнің сұрағына жауап.

Ә. Д. Телегина және В. В. Габай оқу әрекетінің келесі түрлерін ұсынады:

1 Репродуктивті әрекет, оқушылардан үлгіге жақын (оқу, жазу, қайта жаңғырту т.с.с.) нәтижеге жету талап етіледі.

2 Ойлау әрекеті: себепті-ізденушілік байланысты орнату; объектіде оны құраушыларды бөліп, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу; қорытынды жасау; жалпы және маңыздысын бөлу.

3 Бақылау әрекеті: өз әрекетінің өнімін үлгімен, мақсатпен салыстыру; қатені табу; міндеттің шешілуін тексеру; өзінің және басқалардың әрекеттерінің нәтижесін бағалау.

4 Өнімді әрекет: жаңа өнімді құру – математикалық формулалар, әңгімелер, сөйлемдер, есептер ойлап табу; берілген өнімді жаңадан құру:

сұрақта есептің, сөйлемде сөздің тәртібін өзгерту, мазмұндау; жоспарланатын әрекеттер: есеп шешімін, ертегінің, болашақ әрекеттің жоспарын құру [4].

Оқушылар алғашында, өз бетімен оқу міндетін тұжырымдай және оларды шешу әрекетін орындай алмайды. Оларға үнемі мұғалімдер көмектеседі, бірақ біртіндеп оқушылардың өзі сәйкес іскерлікке ие бола бастайды (осы процесс кезінде оқу іскерлігі және өз бетімен әрекетті жүзеге асыру қалыптасады). Баланың толық оқуы, оның оқуға үйренгенде басталады.

Өзін-өзі бағалау әрекеті балаларға өз әрекетін әр түрлі кезеңдерде, оны жүзеге асыруды бағалау процесін құрайды. Өзін-өзі бағалау функциясының өте маңыздысы – жүйелілік. Өзін-өзі бағалаудың екі түрі бар:

– өткенді шолу, яғни өз әрекетінің нәтижесіне жетуді бағалау (мен дұрыс немесе бұрыс жасадым?);

– болжау, субъектінің өзіндік мүмкіндіктерін бағалау (мен бұл міндетті шеше аламын ба, әлде шеше алмаймын ба?).

### **Зерттеудің әдістері мен нәтижесі**

Оқу әрекетінің маңызы: алдымен ғылыми білімді игеру процесінен дағдыны (амалдар мен операциялар) және іскерлікті (білімді қолдану және табу тәсілдері) қалыптастырудан тұрады.

Оқу әрекеті бір жағынан, 6–7 жастағы балалардың мүмкіндігін және танымдық күшін ескеруден тұрады, екінші жағынан, балалардың даму деңгейін және олардың әрі қарайғы оқуға қабілетін жоғарлататын білім және дағдымен қаруландыру.

Сонымен, біріншіден оқу әрекеті. Кіші мектеп оқушыларының жетекші әрекеті ретінде, оларды жан-жақты дамытудың негізі болып табылады. Екіншіден, балаларда сауатты жазу, жақсы санау, мөнерлеп оқу дағдысы мен іскерлігі арнайы теориялық білімдері болғанда қалыптасады. Үшіншіден, баланың оқуға деген адал қарым-қатынасы, олардың оқу әрекетін дұрыс орындау процесінде туатын, оқуға деген ынтасына, тілегіне, іскерлігіне сүйенеді.

Мұғалімнің басты міндеті – мотивация құрылымында оқудың ішкі мотивациясын жоғарылату.

Оқу мотивтерінің жіктелуі. Барлық оқу мотивтерін төмендегідей жіктеуге болады:

1 Оқу әрекетіне негізделген мотивтер:

– Оқу мазмұнымен байланысты мотивтер: оқушының жаңа фактілерді білуге, білімді меңгеруге, құбылыс мәніне енуге тырысуын ояту және т.б.

– Оқу процесінің өзімен байланысты мотивтер: оқушыда интеллектуалды белсенділігін, міндеттерді шешу процесінде кездесетін қиыншылықтарды

жеңуге тырысуын оятады, яғни баланы алынатын нәтижелермен қатар, шешу процесі қызықтырады.

2 Оқу әрекетінен тыс, байланысқан мотивтер:

– Әлеуметтік мотивтер (ата-аналар, мұғалімдер, сынып алдындағы жауапкершілік мотивтері), өзін-өзі анықтау мотивтері (болашақ үшін білімнің маңызын түсіну, болашақ жұмысқа даярлығының ынтасы).

– Кең көлемді мотивтер (жақсы баға алуға тырысуы, сыныпта алдыңғы қатарлы оқушы болуға ынтасы).

– Кері мотивтер (ата-аналар, сыныптастары тарапынан болатын көңілсіз жағдайдан қашуға тырысуы) – көңілсіз жағдайдан шығу мотивациясы.

### **Қорытынды**

Бастауыш мектеп жасындағыларды танымдық өрісінің дамуы. Бастауыш мектеп жасында баланың психикалық даму орталығы ерікті қалыптастыруға ауысады: ерікті есте сақтауы, зейіні, ойлауы дамиды, әрекетті ұйымдастыруы да ерікті болады. Бастауыш мектеп жасындағы жылдар бойы бала өз тәртібін, психикалық процестердің өтуін басқара алуға үйренеді.

1 Түйсік және қабылдаудың дамуы. Мектептегі оқуға келгенге дейін баланың анализаторлары толығымен қалыптасады, бірақ олардың әрі қарай дамуы мектеп жасында жалғасады. Олар біркелкі дамымайды: көру өткірлігінің дамуы баяулайды. Мектепке балалар негізгі түстерді және олардың реңін ажырата алу білімдерімен келеді. Түсті сезіну ұл балаларға қарағанда, қыз балаларда басымырақ дамыған.

Мектептегі оқудың алғашқы жылында есту, сөйлеу қабілеті белсенді дамиды. Бұл балаларды оқуға үйретумен байланысты.

Бастауыш мектеп жасындағы қабылдау эмоциямен тығыз байланысты, оның жағымды эмоциясын тудыратын құбылыстар мен заттарға зейінін аударады. Яғни, бұл жаста қабылдау өте таңдамалы болады.

Кіші мектеп оқушыларының кеңістікті қабылдауы жеткіліксіз дамыған. Олар ұзындықтың негізгі өлшемдерінің анықтамаларын біледі, бірақ олардың ара-қашықтығы туралы түсініктері жоқ [5].

Бақылағыштықты дамыту өте маңызды болып табылады. Алдымен баланы қабылдаған объектіні суреттеуге үйретеді, кейін ұқсастығы мен айырмашылығын тауып, оны басқамен салыстыруға үйретеді. Ең кеш кезең – бұл заттар арасындағы қарым-қатынас пен байланысты түсіндіру.

2 Зейіннің дамуы. Бастауыш мектеп оқушысының зейіні тұрақсыз болып келеді, бала ұзақ уақыт бойы бір затқа немесе іс-әрекетке назар салып тұра алмайды. Бала зейінін тез аударады, себебі қозу тежелуден басым болады. Әдетте баланың зейіні ашық, қызықты заттарға, ғажайып құбылыстарға ауады. Балалар зейінін бір әрекеттен екінші әрекетке немесе бір объектіден екінші объектіге

аударма алмайды (бір сабақтан екінші сабаққа). Балаларда зейіннің бөлінуі әлсіз дамыған – олар бір мезетте әрекеттің бірнеше түрін орындай алмайды: тындау және жазу, оқу және түсіну және т.б. Зейіннің көлемі тар, балалардың зейінінде бірнеше объектіні сақтауы қиын. Зейіннің шоғырлануы кең, балалар өздеріне қызықты жұмысты орындай отырып, айналасына көңіл аудармайды (бірақ бұл қызықты әрекетке байланысты). Бастауыш мектеп оқушысының зейіні ырықсыз сипатта болады, бірақ балалар біртіндеп зейінін басқаруға үйренеді [6].

Мұғалім бұл жастағы балаларға алаңғасарлық қасиет тән (ол көбіне балалардың тез шаршауымен байланысты) екенін ескеруі қажет. Зейінді тұрақтандыру, ұстау тәсілдері: материал қызықты, ашық, ғажайып болу керек; материал саналы, балаға түсінікті болу керек; бала өз әрекетіне саналы қарау керек, яғни мақсат қою және оған жету; балаға өзін-өзі басқару амалдарын үйрету керек; сабақ барысында балалардың зейінін үнемі белсендіру қажет; әр түрлі әрекет түрлерін, көрнекіліктер қолдану керек; үзіліс, шамалы демалыс қажет; ырықты және ырықсыз зейінді қолдану қажет.

3 Есте сақтауды дамыту. Бастауыш мектеп оқушысының есте сақтауы үлкендердікінен ерекшеленеді. Бұл жаста есте сақтау ырықсыз сипатта болады, ол ашық түсті, қызықты заттарды, эмоционалды әшекейленген жәйттарды жақсы сақтайды. Бірақ оларда ырықты есте сақтаудың нышандары пайда болған және оқу әрекеті, материалды ырықты есте сақтауды талап етеді, негізгі басымдылық ырықсыз есте сақтаудың негізінде ырықты есте сақтаудың дамуына жасалады.

Бұл жаста механикалық есте сақтау басымырақ болады, сондықтан баланың логикалық есте сақтауын дамыту керек, ол есте сақталатын материалдың мәнін түсіну қажет. Мынаны есте сақтаған жөн: 7-8 жастағы бала бәрін сөзбе-сөз, дәлме-дәл есінде сақтауға бейім.

4 Ойлауын дамыту. Ойлаудың дамуы да бірнеше кезеңдерден өтеді. Балада сөздік-логикалық немесе түсінікті ойлауы дами бастайды. Бала түсініктерге сүйене бастайды (басында нақты, кейін абстрактілі). Бұл сабақ барысында баланың білімі мен қиялын кеңейту нәтижесінде жүреді.

Зерттеу көрсеткендей, балалардың ойлау әрекетінің қоры шексіз. Дұрыс, лайықты оқыту барысында бастауыш мектеп жасындағы балаларда ғылыми түсініктер (космос, серік (спутник), әлем және т.б.) қалыптасып, ойлауы логикалық болады.

5 Қиялының дамуы. Жүйелі оқыту балаларда қиялын дамытуға әкеледі. Қиялды дамыту екі фазадан өтеді: алғашында қиял еліктеу, қайта жаңғырту сипатында болады. Бала өз фантазиясында не көргенін, не естігенін қиялдайды; кейін бала өз бетімен образ құра бастайды, қиялы шығармашылық негізде болады. Оның образдары байып, көбейе түседі.



Мұғалімнің күнделікті жұмысының нәтижесінде қиялды дамыту келесібағыттар бойынша жүреді: басында қиял бейнелері түсініксіз, бұлдыр болады, кейін ол нақтыланып, айқындалады; алғашында қиял бейнесінде бірнеше белгілер ғана болады, ал 2-3 сыныпқа қарай көбейеді, 1-сыныпта жинақталған бейнелерді қайта жасау болмашы, ал 2-сыныпта оқушылар көбірек білім алып, білімі жалпы және жарқын болады. Балалар әңгіменің сюжетін өзгерте алады, оның мәнін түсіне отырып, шарт жасайды; басында қиялдың кез-келген бейнесі нақты затқа сүйенуді талап етеді, әрі қарай ол сөйлеуге сүйене отырып дамиды. Міне, осы оқушыға ойша жаңа образ құруға көмектеседі [7].

Шығармашылық қиял – бұл ойын әрекетінің нәтижесі, сонымен қатар балаларды құрастыру, сурет салу, ермексазбен жұмыс сабақтарында арнайы дамыту. Қиялды дамытуға көркем әдебиеттерді оқу, әңгімелеу, мазмұндау (сурет бойынша әңгіме құрастыру) көмектеседі.

6 Сөйлеудің дамуы. Сөйлеуін дамытуға жазбаша сөйлеуді меңгеру әсер етеді. Жазбаша сөйлеуде жест, интонация болмайтындықтан, ол толық дамыған болу керек, бастауыш мектеп оқушысы үшін алғашында ішкі сөйлеуден жазбаша сөйлеуге ауысу қиын болады. Бастауыш мектеп оқушысының жазбаша сөйлеуі, ауызшаға қарағанда біршама артта. Бірақ, М. Д. Цвияновичтің зерттеуінде 3-сыныпқа қарай жазбаша сөйлеу өзінің морфологиялық құрылымына қарай ауызшадан қалмайды. Жазбаша сөйлеуде үшінші сынып оқушысы (71 %) қарапайым көп таралған сөйлемді игереді. Күрделі сөйлемді игеру – 29 %, ауызша сөйлеу – 35 % құрайды [8].

Бастауыш мектеп оқушысы үшін оқылған мәтінді түсіну қиындық туғызады. Бастауыш мектеп оқушысы әлі де болса, кейіпкерлердің мінез-кұлқын, автордың оларға деген қарым-қатынасын түсінуге көмектесетін тәсілдерді білмейді. Дыбыстық талдау және синтез, тез, шапшаң оқу дағдысы, күрделі ойлау процестерінің дамуы, идеялық мазмұнды түсінуі – осының барлығы оқи білу қабілетіне әсерін тигізеді [9].

Сөйлеуді игеру, дыбыстарды дамыту бойынша жүреді – лексиканы интонация, ырғақ жағынан дамыту, оқушылардың сөйлеу әрекетін толық сезінуі.

7 Эмоционалды-еріктік өрісінің дамуы. Эмоция және сезім кіші мектеп оқушылары өмірінде үлкен маңызға ие. 7–10 жастағы балаларға жағымды эмоциялар, жарқын жүзділік, сергектік тән.

Эмоция және сезімге сипаттама: кіші мектеп оқушыларының эмоциясы және сезімі тұрақсыз. Балалардың эмоциясы жылдам пайда болып, жылдам өшеді; эмоция ырықсыз сипатта – балалар оны басқарып, ұстай алмайды және оны жасыра алмайды; эмоция және сезім импульсивті ерік процестерімен бақыланбайды, сезінбейді (сабақта отырып, өткенді есіне түсіріп күлуі мүмкін);

бастауыш мектеп жасындағы балалар басқалардың сезімі мен эмоциясын нақты қабылдамайды (қорқыныш пен ашуды шатастырады) [10].

Балаларда байқалатын сезімдерді төмендегідей бөлуге болады: мұғалімге деген сезімі (сыйлау, жақсы көру); жоғары сезімдер (интеллектуалдық); моральдық сезімдер (отбасына, жолдасына, жақын адамдарына деген сүйіспеншілігі); эстетикалық сезімдер.

Балалардың еркі әрекет (оқу, ойын) барысында дамиды. Бала мектепке келгенге дейін, еріктік қасиеттері болады, бірақ өте әлсіз дамыған. Балалар өз тәртібін бақылай алмайды, сондықтан ырықсыз әрекеттері ырықты әрекетке қарағанда басым болады.

### Пайдаланған деректер тізімі

1 **Эльконин, Д. Б.** Психологические условия развивающего обучения. – М. : Знание, 1970. – 186 с.

2 **Иманбекова, Б. И.** Мектептегі ғылыми-әдістемелік жұмыс : Оқу-әдістемелік құралы. – Алматы : БС «Алишер», 2003. – Б. 136.

3 **Жарықбаев, Қ. Б.** Қазақ психологиясының тарихы. – Алматы : «Қазақ университеті», 2004. – 280 б.

4 **Телегина, Э. Д., Габай, В. В.** Виды учебных действий и их роль в развитии творческого мышления младших школьников // Вопросы психологии. – М., 1986. – № 1. – С. 47–53.

5 **Грейс Крайг.** Психология развития. – СПб. : «Питер», 2002. – С. 288.

6 **Гальперин, П. Я.** Психология мышления и учение о поэтапном формировании умственных действий. – М. : Просвещение, 1966. – С. 196.

7 **Петровский, А. А.** Возрастная и педагогическая психология. – М. : Педагогика, 1973. – 236 с.

8 **Цвианович, М. Д.** Особенности письменной речи учащихся третьего класса. – Киев, 2009. – С. 120.

9 **Иманбекова, Б. И.** Мектептегі ғылыми-әдістемелік жұмыс : Оқу-әдістемелік құралы. – Алматы : БС «Алишер», 2003. – Б. 136.

10 **Рамашкова, Е. И.** Нескучный досуг. – М. : «Сфера», 2002. – С. 94.

### References

1 **Elkonin, D. B.** Psychological conditions of developmental training. – М. : Znanie, 1970. – 186 p.

2 **Imanbekova, B. I.** Scientific and methodical work at school : Textbook. – Алматы : BS «Alisher», 2003. – P. 136.

3 **Zharykbayev, K. B.** History of Kazakh psychology. – Almaty : «Kazakh University», 2004. – 280 p.

4 **Telegina, E. D., Gabay, V.V.** Types of educational activities and their role in the development of creative thinking of young schoolchildren. In Questions of psychology. – Moscow, 1986. – № 1. – P. 47–53.

5 **Grace Craig.** Psychology of development. – St. Peterburg : «Peter», 2002. – P. 288.

6 **Galperin, P.Ya.** Psychology of thinking and teaching about the poetic formation of mental actions. – Moscow : Enlightenment, 1966. – P. 196.

7 **Petrovsky, A. A.** Age and pedagogical psychology. – Moscow : Pedagogy, 1973. – 236 p.

8 **Tsvianovich, M. D.** Features of written speech of students of the third class. – Kiev, 2009. – P. 120.

9 **Imanbekova, B. I.** Scientific and methodical work at school : Textbook. – Almaty : BS «Alisher», 2003. – B. 136.

10 **Ramashkova, E. I.** Neskuchny dosug. – Moscow : «Sphere», 2002. – P. 94.

Материал 15.12.20 баспаға түсті.

*E. S. Ayagan, I. S. Utebayev, B. E. Sabyrbay, K. T. Analbekova*

**Влияние новых технологий обучения на психологические особенности учащихся начальной школы**

Карагандинский университет имени академика Е. А. Букетова,

Республика Казахстан, г. Караганда.

Материал поступил в редакцию 15.12.20.

*E. S. Ayagan, I. S. Utebayev, B. E. Sabyrbay, K. T. Analbekova*

**The effect of new educational technologies on the psychological features of primary school students**

Academician E. A. Buketov Karaganda State University,

Republic of Kazakhstan, Karaganda.

Material received on 15.12.20.

*В этой статье многих экспертов будет интересовать вопрос об интересе ребенка к начальной школе, поскольку начальное образование является основой среднего образования. В то же время, широко обсуждается важность начальной школы и личности.*

*В процессе обучения выяснилось, что ученик начальной школы не только изучает бизнес, но и навыки, но также учится ставить*

цели и задачи обучения, находит способы применения и овладения знаниями, а также оценивает и контролирует свою деятельность.

Развитие познавательного поля в младшем школьном возрасте. В начальной школе центр психического развития ребенка превращается в добровольный: добровольная память, внимание, развитие мышления и волонтерская деятельность. В начальной школе ребенка анализируют, чтобы узнать, как он справляется со своим поведением и психическими процессами.

Личностно-ориентированная технология включает в себя адаптацию содержания различных уровней обучения к индивидуальным характеристикам учащихся и сосредоточение внимания на индивидуальных характеристиках учащихся. Обеспечивает студенческую активность. На уроке учителя учат детей задавать вопросы, делать предположения, обосновывать и доказывать прогнозы, искать необходимую им информацию. Это превратит студентов из пассивных учеников в активных учеников. Когда учебный процесс творческий, качество материала также улучшается. Самое главное, дети понимают, что чтение – это не вопрос правил, а интересный и бесконечный процесс изучения себя и окружающей среды. На уроках грамотности учителя используют эффективные технологии обучения для развития навыков грамотности. Эта технология является результатом коммуникативных навыков чтения, анализа чтения, умения формулировать идеи, понимания автора и умения извлекать информацию из информации.

Ключевые слова: педагогика, начальная школа, класс, образование, психология, учащиеся, исключение, обучение, технология, личность, образование, мотивы, перспектива, интуиция, восприятие, навыки, коммуникативные навыки, креативность.

*In this article, many experts will be interested in the question of how much interest a child has in primary school, because elementary education is the basis of secondary education. At the same time, the importance of elementary school and personality is widely considered.*

*During the learning process it has been established that the elementary school student not only acquires knowledge, business, skills but also learns to set learning goals and objectives, find ways to apply and master knowledge, and evaluate and control his or her activity. Development of cognitive field in elementary school age. In elementary school, the child's mental development center is transformed into a voluntary one:*

*voluntary memory, attention, thinking develop, and volunteer activity. During the elementary school years, the child has been analyzed to learn how to handle his or her behavior and mental processes. Person-centered technology involves adapting the content of different levels of learning to the individual characteristics of students, and focusing on the individual characteristics of students. Provides student activity.*

*During the lesson, teaching are taught children to ask questions, to make guesses, to justify and prove predictions, to search for the information they need. This will turn students from passive learners into active learners. When the learning process is creative, the quality of the material is also enhanced. Most importantly, children understand that reading is not a matter of rules, but of an interesting and endless process of learning about themselves and the environment. In literacy classes, teachers use effective learning technology to build literacy skills. This technology is the result of communicative reading skills, reading analysis, ability to formulate ideas, understand the author and the ability to extract information from the information.*

*Keywords: Pedagogy, elementary, grade, education, psychology, learners, exception, teaching, technology, personality, formation, motives, perspective, intuition, perception, skills, communicative skills, creativity.*

Теруге 29.12.2020 ж. жіберілді. Басуға 11.01.2021 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

2,93 Mb RAM

Шартты баспа табағы 38,0.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. С. Исакова

Корректорлар: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3720

Сдано в набор 29.12.2020 г. Подписано в печать 11.01.2021 г.

Электронное издание

2,93 Mb RAM

Усл.п.л. 38,0. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. С. Исакова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3720

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: [kereku@tou.edu.kz](mailto:kereku@tou.edu.kz)

[www.vestnik.tou.edu.kz](http://www.vestnik.tou.edu.kz)